

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 14 желтоқсан

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бірлестіктер және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін адамдарды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Рахметова Әсем Қалашбайқызына беріледі.

РАХМЕТОВА Ә.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер және шақырылғандар! Сіздердің назарларыңызға Мәжіліс қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бірлестіктер және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін адамдарды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр.

Заңды қабылдаудағы негізгі мақсат азаматтардың қоғамдық бірлестіктер құру рәсімдерін жеңілдету және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін адамдарды әлеуметтік қорғауды жетілдіру болып табылады. Бұл Қазақстан Республикасының Азаматтық, Еңбек, Әлеуметтік кодекстеріне, «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» заңдарына бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етеді. Атап айтқанда, қолданыстағы

«Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңға азаматтарымыздың қоғамдық қатынастардағы құқығын одан әрі кеңейту, азаматтық қоғам құруда жаңа мүмкіндіктер беру жөнінде нормалар енгізіліп отыр, яғни бірлестіктерді құруға қажетті адамдардың санын 10 адамнан 3 адамға дейін төмендету көзделген.

Сонымен қатар Әлеуметтік және Еңбек кодекстеріне еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын адамдарға арнайы әлеуметтік төлемдер енгізу бойынша түзетулер енгізіліп отыр. Бұл төлемді еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін азаматтар 55 жасқа толғанда, сондай-ақ кемінде 84 ай міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген кезде, жұмысынан кеткенде немесе басқа жеңіл қызметке ауысқанда алатын болады.

Төлемдер мыналардан тұрады:

бюджеттен 2 ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінде арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы;

жұмыс берушінің қаражаты есебінен 1 ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінде кәсіби төлем;

сақтандыру ұйымдарынан зейнетақы алдындағы аннуитет шарты бойынша 1 ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінде сақтандыру төлемі;

бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылатын төлем.

Сондай-ақ бұл азаматтардың 55 және 63 жас аралығында міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын алу уақытын өз бетінше айқындау құқығы қаралып отыр.

Арнайы әлеуметтік төлем зейнеткерлік жасқа толғанға дейін жүргізілетін болады. Бұдан басқа еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру жүйесін жетілдіру жөніндегі нормалар ұсынылған, оларда келесілер көзделген:

сақтандыру ұйымдарының сақтандыру сыйлықақысы сомасының 6 пайызына дейінгі шекте оңалту шараларына арналған шығыстарды өтеуі;

сақтандыру ұйымдарының зардап шеккен қызметкерді санаторий-курорттық емдеуді 100 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде өтеуі;

жазатайым оқиға нәтижесінде келтірілген зиянды өтеу (сақтандыру төлемі) мөлшерін айқындау кезінде қызметкердің кінәсін ескермеу.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне айлық жалақының ең төменгі мөлшерін айқындау жөніндегі әдістемені бекіту туралы функцияны енгізу және мемлекеттік еңбек инспекторларының өкілеттіктерін күшейту жайлы түзетулер енгізілді.

Осылайша қабылданған шаралар жұмыскерлерді зиянды өндірістік факторлардың әсерінен босатуды ынталандыруға бағытталған және мемлекет, жұмыс беруші, өмірді сақтандыру компаниясы және бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қоры арасындағы ортақ жауапкершілікті теңдей бөлуді көздейді.

Құрметті әріптестер! Сенаттың тұрақты комитеттері мен Аппараттан түскен тұжырымдама бойынша ескертпелер мен ұсыныстар жоқ.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Сенат Регламентінің 58-тармағына сәйкес Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті «Қазақстан Республикасының кейбір

заңнамалық актілеріне қоғамдық бірлестіктер және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін адамдарды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Қадырбек Мұрат Болатұлына беріледі.

ҚАДЫРБЕК М.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрақтарым Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкіліне арналады.

Қоғамдық бірлестіктердің құқықтық мәртебесінен басқа қаралып отырған заңның маңызды жаңалығы және реттеу нысанының бірі – бұл еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін адамдарды әлеуметтік қорғауды күшейтуге бағытталған ережелер болып табылады.

Енгізіліп отырған нормаларға сәйкес жұмыскер 55 жасқа толып, олар үшін жиынтығында кемінде 84 ай міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген кезде жұмыскер еңбек жағдайлары зиянды жұмыстардағы еңбек қызметін тоқтатқан немесе басқа жұмысқа ауысқан жағдайда арнаулы әлеуметтік төлем алуға құқылы. Заң арнаулы әлеуметтік төлемнің қандай төлемдерден құралатындығын нақты анықтайды. Атап айтқанда, бұл жұмыс берушінің, бюджет және сақтандырушының қаражаттары есебінен жүзеге асырылатын төлемдер.

Осыған байланысты менде мынандай сұрақтар бар. Алдын ала есептеулер бойынша аталған санаттағы жұмыскерлерге төленетін арнаулы әлеуметтік төлемнің орташа мөлшері қандай соманы құрайды?

Бұдан басқа заңға сәйкес еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін жұмыскер өтініш білдірген жағдайда жұмыс беруші сақтандыру ұйымымен зейнеткерлік алдындағы аннуитеттік сақтандыру шартын жасауға міндеттеледі. Осы шарт бойынша сақтандыру төлемі де арнаулы әлеуметтік төлемнің құрамына кіреді.

Осыған орай зейнеткерлік алдындағы аннуитеттік сақтандыру шартының ерекшеліктерін және оның «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Заңның қолданыстағы нормаларында қарастырылған аннуитеттік сақтандыру шартынан айырмашылығын түсіндіріп берсеңіз?

ТӨРАҒА. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Сағындықова Назгүл Ерікқызы, жауап беріңіз.

САҒЫНДЫҚОВА Н.Е. Рақмет сұрағыңызға.

Арнаулы әлеуметтік төлемнің орташа есебі 208 мыңды құрап отыр. 2024 жылы ол төрт көзден төленеді. Өздеріңізге мәлім, республикалық бюджет туралы заң бекітілді. Ол жерде ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшері де бекітілді. Соған орай төрт көзден, яғни республикалық бюджеттен 86 мың 2 ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінде жұмыс беру

қаржысының есебінен, ал 1 ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшерінде сақтандыру компаниясынан және 1 осы азаматтың Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы жинақталған міндетті зейнетақы жарналары арқылы және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары арқылы жинақталған сома есебінен төленеді. Оны орташа есеппен 2024 жылы 208 мың теңге деп болжап отырмыз.

Екінші сұрағыңызға келетін болсақ, зейнетақы алдындағы аннуитеттік шарт пен зейнетақы аннуитеті шартының айырмашылы неде деп сұрадыңыз. Зейнетақы аннуитетінің шарты қазіргі Әлеуметтік кодексте белгіленген. Ол ерікті сақтандыру шарты, яғни кез келген адам сәйкес жинақтары болған кезде ерікті түрде зейнетақы аннуитетінің шартын кез келген өмірді сақтандыру компаниясымен жасаса алады. Ал осы заң жобасына сәйкес ұсынылып отырған зейнетақы алдындағы аннуитеттік шарт – зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлерге арнайы ұсынылып отырған тетік.

Бұл тетік қалай жұмыс істейді? Өздеріңізге мәлім, әр жұмыс беруші еңбек жағдайларында жазатайым оқиғалардан жұмыскерлерді сақтандыру үшін өмірді сақтандыру компанияларымен шартқа отырады. Жазатайым оқиға болған кезде оған қосымша аннуитеттік шарт жасасады.

Осы заң жобасына келетін болсақ, жұмыс берушінің өмірді сақтандыру компаниясымен болған шарты аясында зейнетақы алдындағы аннуитеттік шарт жасалатын болады. Егер де осы жұмыс берушінің штатында 55 жасқа толған және жеті жыл өтілі бар қызметкер бар болған жағдайда осы зейнетақы алдындағы аннуитеттік шартты жасасатын болады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Шиповских Геннадий Геннадиевичке беріледі.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкіліне арналады.

Аталған заң еліміздегі зиянды жағдайларда жұмыс жасайтын азаматтарға едәуір қолдау болатынына біз кәміл сенеміз. Белгіленген талаптарға сәйкес зиянды жұмыстарда істейтін азаматтарға сіздер бюджет, сонымен қатар сақтандыру компаниясы, жұмыс беруші және Бірыңғай зейнетақы қоры арқылы төрт қаражат көзінен төлемдер жасауды ұсынып отыр екенсіздер. Бұл ретте бюджеттік төлемдер мен Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, әрине, сенімді төлемдер болып табылады. Алайда бізде сақтандыру компаниялары мен жұмыс берушілер көбінесе жеке кәсіпкерлік саланың өкілдері.

Осы ретте менің сізге нақты және орнықты сұрағым бар. Егер де сақтандыру компаниясы және жұмыс беруші банкроттыққа ұшырап немесе олар болашақта басқаша төлем қабілетінен айрылған жағдайда олардың орнын кім толтырады? Бұл төлемдерді кім жасайды? Сіздердің министрліктеріңіз осы бойынша нақты анализ жасап, белгілі бір алгоритм мен тетік тапты ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Назгүл Ерікқызы, жауап беріңіз.

САҒЫНДЫҚОВА Н.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Сақтандыру компаниясы таратылған кезде, яғни ол лицензиясын жоғалтқан кезде сақтандыру туралы заң аясында сәйкес тетіктер қарастырылған. Ол жерде мәжбүрлеп таратылған кезде, лицензиясынан айырылған кезде Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры (қор құрылған болатын) арқылы төлемдер уақытша төленетін болады. Бұл қордан уақытша төленеді және реттеуші, яғни Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі осы таратылған компанияның портфелін алуға өз еркімен өмірді сақтандыруға өз ұсыныстарын білдіретін компанияны іздейтін болады. Өз еркімен бұл портфелді алатын компания болмаған жағдайда таратылған сақтандыру компаниясының портфелі (сақтандыру заңында да ол көзделген) мемлекеттік қатысы бар сақтандыру компаниясына беріледі. Өздеріңізге мәлім, қазіргі күні «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ бар, ол Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қарамағында.

Біздің тәжірибемізде бұндай оқиға болды, 2008 жылы «Валют-Транзит Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ лицензиясынан айырылған кезде 208 азаматтың аннуитеттік төлемдер портфелін осы біздің мемлекеттік аннуитеттік компанияға берген болатын. Ал жұмыс беруші таратылған кезде, өздеріңізге мәлім, бұл жерде «Оңалту және банкроттық туралы» Заң тетіктері жұмыс істей бастайды. Осы заң аясында бұл төлемдер бірінші кезекке жатады және «конкурсная масса» дейді ғой, соған қосылып, бірінші кезекте осы азаматтардың, жәбірленушілердің аннуитеттік төлемдері төленетін болады. Егер бұл таратылған компанияның, жұмыс берушінің қаржысы жетпеген жағдайда Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі администратор болып табылады. Сәйкес бюджеттік бағдарлама бар, сол бағдарлама арқылы жүзеге асырылатын болады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Өтешов Серік Балғатайұлына беріледі.

ӨТЕШОВ С.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне.

«Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңға сәйкес қоғамдық ұйымды тіркеу үшін бастамашыл азаматтардың санын үш есеге, яғни он адамнан үш адамға дейін қысқарту көзделіп отыр. Азаматтардың қоғамдық бірлестіктер құру құқығы, саяси партияларды қоспағанда, тікелей жеке тұлғаларды біріктіру жолымен де, заңды тұлғалар, яғни қоғамдық бірлестіктер арқылы да іске асырылатын болады.

Қоғамдық бірлестік құруға ықылас білдірген құрылтайшылардың санын қысқару, әрине, демократиялық бастамалардың белгісі деп қабылдауға болады. Алайда ұсынылып отырған түзетулер қоғамға қайшы келетін бірлестіктерді құруға және де жұмыс жасамайтын қоғамдық бірлестіктердің санының артуына алып келмей ме?

Осыған байланысты келесі сұрақтар бар.

Бірінші сұрақ. Қоғамдық бірлестіктерді реттеуде өзгерістер көзделе ме?

Екінші сұрақ. Жұмыс жасамайтын қоғамдық бірлестіктер туралы мониторинг бүгінгі күні жүргізіле ме? Жүргізілсе, олар туралы ағымдағы жағдай бойынша ақпараттарыңыз бар ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Мәдениет және ақпарат вице-министрі Қадыров Данияр Рамазанұлы, жауап беріңіз.

ҚАДЫРОВ Д.Р. Рақмет. Қоғамдық бірлестіктер қазіргі таңда ұлттық заңнамамен толық реттелген. Олардың жүргізіліп жатқан жұмысы да жарғысына байланысты реттелген. Атап айтсақ, бұл іс-шаралар «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Салық кодексіне қатысты реттеліп отырады. Сонымен бірге Мәдениет және ақпарат министрлігінің ішкі заңасты актілерімен, тәртіптерімен және үкіметтік емес ұйымдардың мәліметтер базасы арқылы реттеліп отырады.

Екінші мәселеге келсек, қазіргі таңда республикамызда 23 мың 335 үкіметтік емес ұйым бар. Оны реттеу мәселесін министрлік тарапынан қадағалап, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп мониторинг жүргізіп отырамыз. Қазіргі таңда ұлттық заңнаманы сақтамағаны үшін, яғни Салық кодексін бұзғаны үшін 805 жұмыс істемейтін үкіметтік емес ұйымдар жабылған болатын. Ол мониторингті біз жүргізіп отырамыз.

Сонымен бірге заңнамаға сәйкес құзыретті мемлекеттік органдармен бірге жұмыс істемейтін үкіметтік емес ұйымдарды қадағалау мәселесін жалғастырып отырамыз. Ол министрліктің бақылауында.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Әсем Қалашбайқызы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік. Талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

Сөз депутат Рүстемов Руслан Рүстемұлына беріледі.

РҮСТЕМОВ Р.Р. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер және шақырылғандар! Ұсынылып отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бірлестіктер және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін адамдарды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңда екі бағыт көзделген.

Біріншісі қоғамдық бірлестіктерге байланысты. Заңмен енгізіліп жатқан негізгі жаңалық – қоғамдық бірлестіктерді тіркеу үшін бастамашы азаматтардың санын оннан үшке дейін азайту болып табылады. Бұл ретте өзгерістер саяси партиялар, кәсіподақтар мен діни бірлестіктердің қызметіне әсер етпейді.

Ұсынылып отырылған түзетулер азаматтардың бірлесу бостандығы мен конституциялық құқықтарын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Екіншісі зиянды еңбек жағдайларында жұмыс атқаратын азаматтардың әлеуметтік қамтылуына қатысты тәсілдерді жетілдіруге бағытталған. Енгізіліп отырған арнаулы әлеуметтік төлемге жауапкершілік мемлекет, жұмыс беруші және жұмыскер арасында тең түрде бөлінеді. Сонымен бірге, жаңа әріптесім баяндағандай, зиянды еңбек жағдайларында жұмыс атқаратын жұмыскерлерді әлеуметтік қолдау шараларынан басқа 2015 жылдан бері созылып келе жатқан регрессниктер проблемасы да шешілмек.

Өздеріңізге мәлім, 2015 жылдың 10 мамырында жазатайым оқиғалардан жұмыскерлердің міндетті сақтандырылуы туралы заңына сақтандыру төлемінің мерзімін зейнеткерлік жаспен шектейтін түзетулер енгізілген болатын. Осының салдарынан 2015 жылдың 10 мамырына дейін кәсіби еңбек қабілеттілігінен айырылған азаматтарға сақтандыру төлемдері зейнеткерлік жаспен шектелді.

Қаралып отырған заң шеңберінде 2015 жылдың мамырына дейін жарақат алған, кейін қайта қуәландырудан өткен адамдарға сақтандыру төлемдері мерзіміне сәйкес өмір бойы төлену ұсынылып отыр.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күн тәртібіндегі заң өте өзекті және зиянды еңбек жағдайларында жұмыс атқарып жатқан азаматтардың барлығы күтіп отырған жаңашылдық.

Құрметті әріптестер, заңды қолдаймын және сіздерді қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бірлестіктер және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін адамдарды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заңды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз депутат Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСІП Н.Б. Рақмет, Төраға.

Құрметті әріптестер! Сенат отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бірлестіктер және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін адамдарды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды екінші оқылымда қарауды енгізуді сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтар, екінші оқылымға дейін боссыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарындағы қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Заң бір топ Парламент депутаттарының бастамашы болуымен әзірленген.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Сарыбаев Ғалиасқар Төлөндіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер мен шақырылғандар! Ұлттық қауіпсіздік жүйесі мемлекеттігіміздің басты тұғыры, дербес дамуымыздың мызғымас тірегі.

Мемлекет басшысы Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, бүкіл мемлекеттік органдар мен мемлекеттік лауазымды тұлғалардың тікелей міндеті екенін атап айтты және жаңа тәсілдерді пайдалана отырып ел қауіпсіздігі стратегиясын өзектендіруге тапсырма берген болатын.

Кез келген мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі оның иелігіндегі заңнамалық, құқықтық тәсіл мен әдістерді пайдалана отырып, саяси, экономикалық, әскери мүдделерін қорғауға негізделген.

Аталмыш заң Парламент депутаттарының нормативтік құқықтық актілерді жетілдіруге бағытталған бірқатар заңнамалық бастамалары аясында жекелеген күштер қызметінің тиімділігін арттыруға, отандық қорғаныс-өнеркәсіп кешенін дамытуға, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге заңдардың кейбір нормаларын өзектендіру және құқықтық олқылықтарды жою тәжірибесіне негізделі отырып әзірленді.

Заң екі кодекс пен жиырма бір заңның баптары бойынша түзетулерді қамтыды.

Бірінші. Экстремизмнің алдын алу мәселесін заңнамалық реттеу. Қазіргі уақытта мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға терроризмнің алдын алу, сондай-ақ терроризмнің зардаптарын барынша азайту және жою жөніндегі қызметті ұйымдастыруда заңнамалық құзырет берілген, ал экстремизм мәселелері қарастырылмаған.

Осыған орай заңның негізгі мақсаты экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыстарын жүзеге асыратын орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру, өзара байланыс шараларын кешенді түрде қарастыру, біркелкі алгоритмін қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар тұрақты жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы арқылы мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді ұлттық қауіпсіздік органдарында қалдыру ұсынылады. Орталық мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының аумақтық бөлімшелерінің қызметін үйлестіру терроризмге қарсы комиссиялар шеңберінде жергілікті атқарушы органдарының функцияларына енгізілді.

Екінші. Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметін және қызметкерлердің қызмет өткеру тәртібін жетілдіруге бағытталған түзетулер қарастырылды. Атап айтқанда, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін лауазымдарға тағайындау, қызметтік тергеу жүргізу және жаза қолдану тәртібін жетілдіруге, қызметкерлердің жоспардан тыс біліктілігінің өту мерзімдерін нақтылауға, оқыту мәселелерін регламенттеуге бағытталады, әлеуметтік қорғау және материалдық көмек көрсету тәртіптері оңтайландырылды. Сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдарының кадр құрамын отансүйгіштік, адамгершілік және рухани тәрбиелеу арқылы құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар өткізу тәртібін бекіту құзыреті берілді.

Үшінші. Шекаралық бақылау рәсімін жетілдіру мақсатында өткізу пункттерінде шекаралық бақылау жүргізу кезінде Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі әскери қызметшісінің мінез-құлық стандарты бекітілді.

Төртінші. Қорғаныс-өнеркәсіп кешені ұйымдарын жекешелендіру ерекшеліктерін қарастыру бойынша стратегиялық объектілердің тізімін қалыптастыру, мемлекетке тиесілі акциялар мен қатысу үлестерін сату туралы шешім қабылдауға мемлекеттің басқаруымен «алтын акция» немесе мемлекеттің жарғылық капиталға қатысу үлесі сақталған жағдайда рұқсат ету нормалары берілді. Енгізілетін нормалар мемлекеттің, осындай ұйымдардың меншік иелерінің ауысуын бақылауға және қорғаныс-өнеркәсіп кәсіпорындары қызметінің түрі мен шығарылатын өнімінің негізсіз өзгеруіне жол бермеуге ықпал ететін болады.

Бесінші. Конкурстық негізде мемлекеттік тапсырыс мердігерін таңдауға қатысты «Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзетулер енгізу тапсырысты ұйымдастыру тәртібінің ашықтығын ретке келтіреді, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтады және отандық қорғаныс өнеркәсібінің дамуына ықпал ететін болады.

Сонымен қатар заңда мемлекеттік құпияларды қорғау тетігін күшейтуге және Қазақстан Республикасы Президентінің «Мемлекеттік аппарат қызметін бюрократиядан арылту туралы» Жарлығын орындау мақсатында түзетулер көзделген.

Заңды мақұлдау ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңнамаларды жетілдіреді, қорғаныстық өнеркәсіп саласында мемлекет мүддесін қорғайды, сыбайлас жемқорлық қатерлерін төмендетеді, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдарының жекеленген күштері қызметінің тиімділігін арттырады.

Аталған заң жұмыс тобының, комитеттің және комитеттің кеңейтілген отырыстарында жан-жақты талқыланды.

Сенаттың тұрақты комитеттерінен заңның тұжырымдамасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Құрметті Төраға, депутаттар! Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Регламентінің 58-тармағына сәйкес заңды бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Өтеғұлов Арман Кәрімұлына беріледі.

ӨТЕҒҰЛОВ А.К. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ұлттық қауіпсіздік комитетінің өкіліне.

Атқарушы биліктің қызметін заңнамалық тұрғыдан артық регламенттеуді болдырмау мақсатында ревизия нәтижесі бойынша Шекара қызметіне қатысты Ұлттық қауіпсіздік комитетінің кейбір құзыреттері заң деңгейінен алып тасталып отыр. Мәселен, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» Заңнан Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін басқару, ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік шекараны қорғауға және шекара қызметіне байланысты қағидаларды, ережелерді, нұсқаулықтарды бекітуге байланысты құзыреттерін алып тастау көзделген. Аталған құзыреттер кейіннен Шекара қызметі туралы ережеде жазылмақшы. Осыған байланысты сұрақтарым бар.

Бұл өзгерістердің шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуге теріс әсері болмай ма? Шекара саясаты болашақта қалай жүзеге асырылмақ? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары Қалқабаев Марат Өмірбекұлы, жауап беріңіз.

ҚАЛҚАБАЕВ М.Ө. Сұрағыңызға рақмет.

Бұл нормалар шекараның қауіпсіздігіне әсер етпейді және штаттар қысқартылмайды. Себебі шекара қызметінен алып тасталған функциялардың бәрі Президенттің Жарлығында толықтай қарастырылған. Шекара қызметін қалай істегені жөнінде қазір сізге береді.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қалтаева Ләззат Молдабекқызына беріледі.

ҚАЛТАЕВА Л.М. Рақмет, Төраға.

У меня вопрос, который касается использования изображения лица. В пункте 1 статьи 145 Гражданского кодекса установлен запрет на использование изображения какого-либо лица без его согласия. Тем не менее этим законом предлагается в пункте 2 этой же статьи предоставить право на использование и распространение изображения в случаях, предусмотренных законами. Я так понимаю, что данная поправка касается деятельности Комитета национальной безопасности.

Вопрос. Пожалуйста, расскажите подробнее, для каких целей вводится эта норма, что вы понимаете под словом «использование».

ТӨРАҒА. Марат Өмірбекұлы, жауап беріңіз.

ҚАЛҚАБАЕВ М.Ө. Спасибо за вопрос. Данная норма вводится, чтобы привести в соответствие с Гражданским кодексом, потому что в нем предусмотрено такое требованием, как получение согласия изображаемого лица. В то же время в целях борьбы с экстремизмом, терроризмом и другими особо опасными преступлениями нам необходимо принимать оперативные меры по видеоматериалам. В связи с этим возникает вопрос, чтобы проводить оперативно идентификацию. Закон «Об информатизации» нам это право предоставляет, мы приводим в соответствие с Гражданским кодексом.

ТӨРАҒА. Это будет иметь место только в ограниченных случаях и только по конкретным и обоснованным обвинениям. Правильно?

ҚАЛҚАБАЕВ М.Ө. Только при совершении преступлений или покушении на совершение преступлений.

ТӨРАҒА. Понятно.

Сұрақ қою үшін келесі сөз депутат Алдашев Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің өкіліне.

Ұсынылған заңға сәйкес мемлекетке тиесілі және қорғаныс өнеркәсіп кешені ұйымдарына жататын акционерлік қоғамдардың акцияларын сату мемлекеттің басқаруымен «алтын акцияны» сақтай отырып жүзеге асырылатын болады. Осыған байланысты менің сұрақтарым бар.

1. Бұл нормалар әскери-өнеркәсіптік кешен кәсіпорындарына мемлекеттік бақылауды жақсартуға көмектесе ме?

2. Әскери-өнеркәсіп кешеніндегі ұйымдарды жекешелендірудің ерекшеліктері қандай? Рақмет.

ТӨРАҒА. Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Бейісбеков Азамат Өмірзақұлы, жауап беріңіз.

БЕЙІСБЕКОВ А.Ө. Рақмет.

Шынымен де 1 пайыз акция шектеуші акция болып табылады және де ол тиісті бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Акционерлердің еліміздің ұстанымына қайшы келетін шешімдерін шектеуге мүмкіндік береді. Бұл біріншіден.

Екіншіден, нақты осы қорғаныс кәсіпорындарын жекешелендіру мәселесі бөлек заңнамада реттелмеген. Алайда сол кәсіпорынды алатын инвесторға қойылатын талаптар нақты келісімшартта толық ашып көрсетілетін болады. Қазірдің өзінде осындай шешімдер қабылданған кезде кәсіпорынның негізгі бағытын ауыстырмау туралы, шығаратын өнімін сақтап қалу және одан әрі дамыту мәселелері келісімшарттарда қаралып отыр.

ТӨРАҒА. Жақсы. Жалпы Азамат Өмірзақұлы, Сүйіндік Тасеменұлы өте үлкен кешенді мәселені көтеріп отыр. Бұл бір жауаппен ғана қанағаттанатын мәселе емес шығар. Біздің арнайы комитетіміз жиналып, осы мәселені қарайды деп сенеміз.

Жалпы мемлекеттік қорғаныс кәсіпорындарының жағдайына байланысты біраз сұрақ бар. Бізде «Қазинжиринг» АҚ жұмыс істеп жатыр, оны бәріміз білеміз. Оншақты заводы бар. Бірақ солардың мемлекет тарапынан тапсырыс алу мәселесінде көптеген түйткілдер, мәселелер бар екендігі жасырын емес. Олар қорғаныс өндірісін қамтамасыз етуге өздерінің үлесін қосып жүрген мемлекеттік кәсіпорындар болғандықтан біз енді оларды қолдаудың бір формаларын, форматтарын табуымыз керек қой. Егер де мемлекетке ондай кәсіпорындар керек болмаса, онда «олар бізге керегі жоқ, шетелден сатып аламыз» деп ашық айту керек. Оған жеткізуге болмайды ғой. Біздің өзіміздің қорғаныс өнеркәсібіміз болу керек, бұл ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Негізінен олар мемлекеттің меншігінде болу керек деп қабылдаймыз. Сол себепті осындай кәсіпорындарды қолдаудың бір жүйелі тетіктері керек екені анық. Сол себепті сіздер осы мәселені біздің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетімен пысықтап, заңның аясында қандай мүмкіндіктер бар, егер мемлекеттік кәсіпорындарды қолдау үшін заңға өзгеріс енгізу керек болатындай болса, онда ол жағын да біз депутаттармен бірге қарастыруға дайынбыз. Бірақ сіздерден бұл жерде бір нақты позиция керек, нақты ұстаным керек. Егер біздің ұстанымымыз

болмаса, ол кәсіпорындар өздерімен өздері жүретін болса, мемлекеттік қорғаныс тапсырысы өзімен өзі қалыптасып жататын болса, онда оның жүйелі жұмыс емес екендігі анық. Сондықтан осы бағыттарда жұмысты бір жаңа деңгейге шығарасыздар деп сенеміз. Осы бағытта өздеріңізбен бірге жұмыс істеуге дайынбыз.

Құрметті әріптестер, басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Ғалиасқар Төлендіұлы. Орныңызға отырыңыз.

Енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Сатвалдиев Алишер Гапиржановичке беріледі.

САТВАЛДИЕВ А.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін саланы қайта құрылымдау, қауіпсіздіктің жаңа талаптарын айқындау, оларды жүзеге асыратын кадрлар құрамының біліктілік деңгейін көтеру, жауапкершілігін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізу, жаңа геосаяси жағдайда кезек күттірмейтін өзекті мәселе екені даусыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында ұлттық қауіпсіздік жүйесін түбегейлі қайта құрудың маңызын атап көрсеткен болатын.

Бүгін қарастырылып отырған заңның басты мақсаты – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, осы саладағы заңнаманы одан әрі жетілдіру болғандықтан ұсынылған заңды қолдауларыңызды сұраймын.

Бұл заң ұлттық қауіпсіздікке қазіргі заманғы сын-қатерлерді, олардың алдын алу және оларға қарсы іс-қимыл жөнінде шаралар қабылдау қажеттігін ескеріп, еліміздің басқа мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы ынтымақтастығын тереңдетуге, сондай-ақ көрші және алыс елдермен сенім мен әріптестікті нығайтуға ықпал етеді.

Заңда ұлттық қауіпсіздік органдарының кадр құрамын патриоттық рухта тәрбиелеу және құқық бұзушылықтың алдын алу міндеті қарастырылды, әрбір лауазымды тұлғаның іс-әрекетінің алгоритмі айқындалды.

Қарастырылып отырған заңда құқықтық олқылықтарды жоюға және арнаулы мемлекеттік құрылымдарда қызмет өткеру кезінде органдар қызметкерлерінің заманауи әлеуметтік кепілдіктерін нығайтуға бағытталған ерекше нормалар бар.

Ұсынылып отырған өзгерістер мен толықтырулар еліміздің күштік құрылымдар жүйесінің, олардағы лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің кәсіби біліктіліктері мен міндеттеріне адалдықтары, азаматтық ұстанымы мен патриоттық сезімі үшін ұйытқы боларына сенімдімін. Бұл заң еліміздің ұлттық қауіпсіздік жүйесін түбегейлі қайта құру жолындағы мүддесіне сәйкес келеді деп есептеймін.

Осы айтылғандарды ескере отырып, қарастырылып отырған заңды қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарындағы

қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заңды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Слово предоставляется Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Прошу включить в повестку дня сегодняшнего заседания рассмотрение во втором чтении Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам обеспечения национальной безопасности и службы специальных государственных органов Республики Казахстан».

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселелер бойынша комитет отырыстарын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН KEЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын. Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі қосымша енгізілген бірінші мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бірлестіктер және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін адамдарды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қарау жөнінде.

Сөз сенатор Рахметова Әсем Қалашбайқызына беріледі.

РАХМЕТОВА Ә.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ағымдағы жылы қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында зиянды еңбек жағдайында ұзақ уақыт жұмыс істеп жүрген адамдарды әлеуметтік қолдау тетіктерін қабылдауды тапсырған болатын. Осыған орай қаралып отырған заң қоғамдық бірлестіктерге қатысты қатынастарды оңтайландыруға, сондай-ақ зиянды еңбек жағдайларында істейтін азаматтарды әлеуметтік қолдауға, олардың еңбек құқықтарын жетілдіруге оң ықпалын тигізеді.

Заң Сенат отырысында бірінші оқылымда мақұлданғаннан кейін Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің кеңейтілген отырысында қаралды. Заңға қатысты ескертпелер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Заңды қабылдау әлеуметтік-экономикалық және құқықтық теріс салдарға алып келмейді.

Баяндалғандарды ескере отыра Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бірлестіктер және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін адамдарды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Әсем Қалашбайқызы.

Құрметті әріптестер, заңды бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бірлестіктер және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін адамдарды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Мақұлданған заң қоғамдық бірлестіктер саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіруді көздейді. Сонымен қатар заңда ұзақ уақыт зиянды еңбек жағдайында жұмыс істеп жүрген азаматтарды әлеуметтік қолдау мақсатында қосымша кепілдіктер қарастырылған.

Бұдан былай зиянды жұмыстарда жүрген еңбек адамдарына зейнет жасына толғанға дейін, атап айтқанда, 55 жастан бастап арнаулы әлеуметтік төлем төленетін болады. Осылайша Президенттің бастамасымен көптен бері елдің көкейінде жүрген мәселелердің бірі өз шешімін тауып отыр.

Бұдан бөлек жазатайым оқиғалардан сақтандыру жағдайларын реттейтін нормалар да қамтылды. Сондай-ақ еңбек қауіпсіздігін күшейтуге бағытталған өзге де түзетулер бар. Жалпы, мақұлданған заң зиянды өндірістерде жұмыс істейтін азаматтарымыздың мүдделерін тиісті деңгейде қорғауға, сонымен бірге еліміздегі азаматтық қоғам институттарының одан әрі дамуына өз септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарындағы қызмет мәселелері

бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарындағы қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің кеңейтілген отырысында қаралды.

Заңды талқылау барысында негізгі бағыттары бойынша төмендегі түзетулерді енгізу қажеттілігі туындады:

адам құқығы мен бостандығын шектеуге қатысты нормаларды Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының нормативтік қаулысына сәйкес келтіру;

мемлекеттік құпиялардан тұратын мәліметтерді беру тәртібін айқындау жөніндегі құзыретті белгілейтін қайталанатын нормаларды алып тастау;

алдын ала тергеу қызметінде аяқталған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істерге қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату, олардың жауапкершілік деңгейін айқындау, үш буынды модельді нормаларды қолданысқа енгізу мерзіміне қатысты;

заңның кейбір ережелерін қолданыстағы заңнаманың ережелеріне сәйкес келтіру ұсынылды.

Түзетулердің басым көпшілігі заңдарды мемлекеттік басқару жүйесінің реформасына сәйкес келтіру, ұлттық қауіпсіздік қатерлеріне тиісті деңгейде ден қою, қызмет өткеру жүйесін жетілдіру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейту, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін құқықтық және әлеуметтік қорғауды одан әрі нығайту қажеттілігінен туындады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар салыстырмалы кестеге жинақталды.

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті салыстырма кестедегі түзетулерді қарау қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарындағы қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның жекелеген баптарын мақұлдамауды және заңның көрсетілген баптарының жаңа редакциясын қоса бере отырып, оны Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне қайтаруды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ғалиасқар Төлендіұлы.

Құрметті әріптестер, заңды бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарындағы қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бойынша шешім қабылдайық.

Бас комитет заңның жекелеген баптарын мақұлдамауды және көрсетілген баптардың жаңа редакциясымен заңды Мәжіліске қайтаруды ұсынып отыр. Осыған орай кестеге сегіз түзету енгізілген.

Құрметті әріптестер, осы түзетулерге байланысты қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

